

Техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 509 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 08 ақпанда № 8325 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 тамыздағы № 880 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.08.2015 № 880 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы «Ақпараттандыру туралы» Заңының 29-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Техникалық реттеу саласындағы (сәйкестікті растау, тауар шығарылған елді анықтау, аккредиттеу жөніндегі) сарапшы-аудитор аттестатын беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы сертификатты беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес «Халықаралық, ұлттық стандарттарды және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын есептік тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес «Өлшеу құралдарының типін бекіту сертификатын беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес «Метрологиялық аттестаттау туралы сертификатты беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

6) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау үшін лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Р.А. Сәтбаев)

заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің ресми Интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

А. Рау

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация министрі
_____ А. Жұмағалиев

2012 жыл _____

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрі
міндетін атқарушының

2012 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 509 бұйрығына 1-қосымша

**«Техникалық реттеу саласындағы (сәйкестікті растау,
тауар шығарылған елді анықтау, аккредиттеу жөніндегі)
сарапшы-аудитор аттестатын беру»
мемлекеттік қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Техникалық реттеу саласындағы (сәйкестікті растау, тауар шығарылған елді анықтау, аккредиттеу жөніндегі) сарапшы-аудитор аттестатын беру» бойынша мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) « Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – Комитет) көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны - автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет:

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 7-бабының 11) тармақшасы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1129 қаулысымен бекітілген «Техникалық реттеу саласындағы (сәйкестікті растау, тауар шығарылған елді анықтау, аккредиттеу жөніндегі) сарапшы-аудитор аттестатын беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі қағаз жеткізгіштегі сарапшы-аудитор аттестаты немесе біліктілік аттестаты (бұдан әрі – аттестат) не жазбаша түрде дәлелді бас тарту (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) болып табылады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде басқа мемлекеттік органдардың қатысуы көзделмеген.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет: Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі 11, «Эталон орталығы» ғимараты, А блогы, 0505 А кабинеті мекенжайы бойынша мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін көрсетіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

8. Құжаттарды қабылдау кезек күту тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат Комитеттің www.memst.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (оның сенімхаты бар өкілі) Мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында белгіленген құжаттардың тізбесін Комитетке ұсынады.

Стандарттың 16-тармағында көзделген негіз бойынша Мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Құжаттарды қабылдау Комитетте осы регламенттің 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша кеңсе арқылы № 33 каб. жүргізіледі, байланыс тел. 8 (7172) 79-33-48.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) қабылданған құжаттарды Комитет кеңсесінің қызметкерімен тіркеуден өткізіледі және бұрыштама қол қою үшін Комитет төрағасына жіберіледі;

2) Комитет төрағасының бұрыштамасы бар құжаттар Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесіне жіберіледі;

3) Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесінің басқарма бастығы (бұдан әрі – басқарма бастығы) құжаттарды қарастыру үшін сәйкестікті растау, тауар шығарылған елді анықтау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау жөніндегі Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) хатшысына жібереді;

4) Комиссия хатшысы ұсынылған құжаттарды Комиссия қарауына шығарады;
5) Комиссия :
ұсынылған құжаттардың жинақтығын қарастырады;
сарапшы-аудиторды аттестаттау, немесе дәлелді бас тарту туралы шешім шығарады ;

6) Комиссия хатшысы Комиссия шешімі негізінде аттестатты, аттестат беру туралы бұйрық немесе дәлелді бас тарту жобаларын ресімдейді;

7) аттестат беру туралы бұйрық немесе дәлелді бас тарту жобаларына басқарма бастығы бұрыштама қол қояды;

8) бланкідегі аттестат беру туралы бұйрыққа немесе дәлелді бас тартуға, сонымен қатар, белгіленген нысандағы аттестатқа Комитет төрағасы қол қояды;

9) Комитет кеңсесі қызметкері аттестат беру туралы бұйрықты немесе дәлелді бас тартуды тіркейді ;

10) Комиссия хатшысы аттестат немесе дәлелді бас тартуды мемлекеттік қызметті алушыға (оның сенімхаты бар өкілі) қолына немесе почта байланысы арқылы жібереді .

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) іске қосылған:

1) Комитет төрағасы ;

2) басқарма бастығы ;

3) Комиссия ;

4) Комиссия хатшысы ;

5) Комитет кеңсесі қызметкері .

16. ҚФБ-нің әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) бірізділігі мен өзара іс-әрекетінің мәтіндік сипаттамасы осы регламенттың 1-қосымшасында әкімшілік іс-қимылдың (рәсімдердің) орындалу мерзімі көрсетіле отырып келтірілген .

17. Функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Техникалық реттеу саласындағы (сәйкестікті растау, тауар шығарылған

елді анықтау, аккредиттеу жөніндегі)
 сарапшы-аудитор аттестатын беру»
 мемлекеттік қызмет регламентіне
 1-қосымша

ҚФБ кезектілігінің сипаттамасы және әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) өзара әрекеттесуі

1-кесте. ҚФБ іс-қимылының сипаттамасы

Іс-қимыл № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4	5	6
ҚФБ атауы	Комитеттің кеңсе қызметкері	Комитет төрағасы	Басқарма бастығы	Комиссия хатшысы	Комиссия	Ком хатш
Іс-қимыл (процестер, рәсімдер, операциялар және олардың сипаттамасы) атауы	Құжаттарды қабылдайды, өтінішті тіркейді, Стандарттың 14 - тармағына сәйкес қолхат береді, бұрыштама қол қою үшін Комитет төрағасына жіберіледі	Жауапты құрылымдық бөлімшені айқындайды, бұрыштама қояды	Комиссия хатшысына материалдарды жібереді	Ұсынылған материалдарды Комиссияның қарауына шығарады	Ұсынылған құжаттардың жинақтығын қарастырады; сарапшы-аудиторды аттестаттау, немесе дәлелді бас тарту туралы шешім шығарады;	Атте бер тур; бүй] нем дәле тар' жоб; ресіп
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушы-әкімшілік шешім)	Тіркелген өтініш, құжатты қабылдаған туралы қолхат	Бұрыштама	Бұрыштама	Комиссияға шығарылатын материалдар	Сарапшы-аудиторды аттестаттау, немесе дәлелді бас тарту туралы шешім	Рәсіп атте атте бер тур; бүй] нем дәле тар' жоб;
Орындалу мерзімі	20 минуттан аспайды	Күнтізбелік бір күн ішінде	Күнтізбелік бір күн ішінде	Күнтізбелік 4 күн ішінде	Күнтізбелік 16 күннен кешікпей	Күн: 5 ішің
Келесі іс-қимыл №	2	3	4	5	6	7

2-кесте. Пайдалану нұсқасы.

Негізгі процесс – мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді бекіткен жағдайда

ҚФБ атауы	Комитет кеңсесінің қызметкері	Комитет Төрағасы	Басқарма бастығы	Комиссия хатшысы	Комиссия
№ әрекеті					
1	Құжаттарды қабылдау, тіркеу, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беру				
2		Қарар шығару			
3			Комиссия хатшысына материалдарды жіберу		
4				Ұсынылған материалдарды Комиссияның карауына шығару	
5					Сарапшы-аудиторды аттестаттау туралы шешім шығару
6				Аттестатты, аттестат беру туралы бұйрық жобаларын ресімдеу	
7			Аттестат беру туралы бұйрыққа бұрыштама қол қою		
8		Аттестатты, аттестат беру туралы бұйрыққа қол қою			
9	Аттестат беру туралы бұйрықты тіркеу				
10				Аттестат мемлекеттік қызметті алушыға (оның сенімхаты бар өкілі) қолына немесе почта байланысы арқылы жіберу	


3-кесте. Пайдалану нұсқалары.

Негізгі үрдіс – ұсынылған құжаттарды қайтарған жағдайда

ҚФБ атауы № әрекеті	Комитет кеңсесінің қызметкері	Комитет Төрағасы	Басқарма бастығы	Комиссия хатшысы	Комиссия
1	Құжаттарды қабылдау, тіркеу, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беру				
2		Қарар шығару			
3			Комиссия хатшысына материалдарды жіберу		
4				Ұсынылған материалдарды Комиссияның карауына шығару	
5					Дәлелді бас тарту туралы шешім шығару
6				Дәлелді бас тарту жобаларын ресімдеу	
7			Дәлелді бас тарту жобаларына бұрыштама қол қою,		
8		Дәлелді бас тартуға қол қою			
9	Дәлелді бас тартуды тіркеу				
10				Дәлелді бас тартуды мемлекеттік қызметті алушыға (оның сенімхаты бар өкілі) қолына немесе почта байланысы арқылы жіберу	

«Техникалық реттеу саласындағы (сәйкестікті растау, тауар шығарылған елді анықтау, аккредиттеу жөніндегі) сарапшы-аудитор аттестатын беру»

Атқарымдық өзара әрекет ету диаграммасы



Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрі
міндетін атқарушының
2012 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 509 бұйрығына 2-қосымша

**«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор
біліктілігін беру туралы сертификатты беру»
мемлекеттік қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы сертификатты беру» бойынша мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – Комитет) көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны - автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет: «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 1-бабының 11) тармақшасы және 5-бабының 2-тармағының 11-1) тармақшасы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1129 қаулысымен бекітілген «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы сертификатты беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт).

5. Қағаз жеткізгіштегі өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор сертификаты (бұдан әрі - сертификат) немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан жазбаша түрде дәлелді бас тарту көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) болып табылады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде басқа мемлекеттік органдардың қатысуы көзделмеген.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет: Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі 11, «Эталон орталығы» ғимараты, А блогы, 0505 А кабинеті мекенжайы бойынша мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін көрсетіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

8. Құжаттарды қабылдау кезек күту тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат Комитеттің www.memst.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (оның сенімхаты бар өкілі) Мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында белгіленген құжаттардың тізбесін Комитетке ұсынады.

Стандарттың 16-тармағында көзделген негіз бойынша Мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Құжаттарды қабылдау Комитетте осы регламенттің 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша кеңсе арқылы № 33 каб. жүргізіледі, байланыс тел. 8 (7172) 79-33-48.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) қабылданған құжаттарды Комитет кеңсесінің қызметкерімен тіркеуден өткізіледі және бұрыштама қол қою үшін Комитет төрағасына жіберіледі;

2) Комитет төрағасының бұрыштамасы бар құжаттар Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесіне жіберіледі;

3) Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесінің басқарма бастығы (бұдан әрі – басқарма бастығы) құжаттарды қарастыру үшін Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторды аттестаттау жөніндегі Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) хатшысына жібереді;

4) Комиссия хатшысы ұсынылған құжаттарды Комиссия қарауына шығарады; 5) Комиссия :

ұсынылған құжаттардың жинақтығын қарастырады; өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор біліктілігін беру (бұдан әрі - сарапшы-аудитор біліктілігі), немесе дәлелді бас тарту туралы шешім шығарады;

6) Комиссия хатшысы Комиссия шешімі негізінде сертификат, сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы бұйрық немесе дәлелді бас тарту жобаларын ресімдейді;

7) сарапшы-аудитор біліктілігі беру туралы бұйрық немесе дәлелді бас тарту жобаларына басқарма бастығы бұрыштама қол қояды;

8) бланкідегі сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы бұйрыққа немесе дәлелді бас тартуға, сонымен қатар, белгіленген нысандағы сертификатқа Комитет төрағасы қол қояды;

9) Комитет кеңсесі қызметкері сарапшы-аудитор біліктілігі беру туралы бұйрықты немесе дәлелді бас тартуды тіркейді;

10) Комиссия хатшысы сертификат немесе дәлелді бас тартуды мемлекеттік қызметті алушыға (оның сенімхаты бар өкілі) қолына немесе почта байланысы

арқылы

жібереді.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) іске қосылған:

- 1) Комитет төрағасы;
- 2) басқарма бастығы;
- 3) Комиссия;
- 4) Комиссия хатшысы;
- 5) Комитет кеңсесі қызметкері.

16. ҚФБ-нің әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) бірізділігі мен өзара іс-әрекетінің мәтіндік сипаттамасы осы регламенттың 1-қосымшасында әкімшілік іс-қимылдың (рәсімдердің) орындалу мерзімі көрсетіле отырып келтірілген.

17. Функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы сертификатты беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

ҚФБ кезектілігінің сипаттамасы және әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) өзара әрекеттесуі

1-кесте. ҚФБ іс-қимылының сипаттамасы

Іс-қимыл № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4	5	6
ҚФБ атауы	Комитеттің кеңсе қызметкері	Комитет төрағасы	Басқарма бастығы	Комиссия хатшысы	Комиссия	Комиссия хатшысы
Іс-қимыл (процестер, рәсімдер, операциялар және олардың сипаттамасы) атауы	Құжаттарды қабылдайды, өтінішті тіркейді, Стандарттың 14 - тармағына сәйкес қолхат береді, бұрыштама қол қою үшін	Жауапты құрылымдық бөлімшені айқындайды, бұрыштама қояды	Комиссия хатшысына материалдарды жібереді	Ұсынылған материалдарды Комиссияның қарауына шығарады	Ұсынылған құжаттардың жинақтығын қарастырады; сарапшы-аудитор біліктілігін беру, немесе дәлелді бас тарту туралы шешім шығарады;	Сертификатты сарапшы біліктілігі туралы немесе бас жобалар ресімде

	Комитет төрағасына жіберіледі					
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушы-әкімшілік шешім)	Тіркелген өтініш, құжатты қабылдаған туралы қолхат	Бұрыштама	Бұрыштама	Комиссияға шығарылатын материалдар	Сарапшы-аудитор біліктілігін беру, немесе дәлелді бас тарту туралы шешім	Рәсімд сертиф сарапш білікті туралы немесе бас жобала
Орындалу мерзімі	20 минуттан аспайды	Бір жұмыс күн ішінде	Бір жұмыс күн ішінде	2 жұмыс күн ішінде	11 жұмыс күннен кешікпей	2 жұм ішінде
Келесі іс-қимыл №	2	3	4	5	6	7

2-кесте. Пайдалану нұсқасы.

Негізгі процесс – мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді бекіткен жағдайда

ҚФБ атауы № әрекеті	Комитет кеңсесінің қызметкері	Комитет Төрағасы	Басқарма бастығы	Комиссия хатшысы	Комиссия
1	Құжаттарды қабылдау, тіркеу, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беру				
2		Қарар шығару			
3			Комиссия хатшысына материалдарды жіберу		
4				Ұсынылған материалдарды Комиссияның қарауына шығару	
5					Сарапшы-аудит біліктілігін бер туралы шешім шығару
6				Сертификат, сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы бұйрық жобасын ресімдеу	

7			Сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы бұйрыққа бұрыштама қол қою		
8		Сертификатты, сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы бұйрыққа қол қою			
9	Сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы бұйрықты тіркеу				
10				Сертификатты мемлекеттік қызметті алушыға (оның сенімхаты бар өкілі) қолына немесе почта байланысы арқылы жіберу	

3-кесте. Пайдалану нұсқалары.


Негізгі үрдіс – ұсынылған құжаттарды қайтарған жағдайда

ҚФБ атауы	Комитет кеңсесінің қызметкері	Комитет Төрағасы	Басқарма бастығы	Комиссия хатшысы	Комиссия
№ әрекеті					
1	Құжаттарды қабылдау, тіркеу, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беру				
2		Қарар шығару			
3			Комиссия хатшысына материалдарды жіберу		
4				Ұсынылған материалдарды Комиссияның қарауына шығару	
5					Дәлелді бас тағ туралы шешім шығару

6				Дәлелді бас тарту жобаларын ресімдеу	
7			Дәлелді бас тарту жобаларына бұрыштама қол қою,		
8		Дәлелді бас тартуға қол қою			
9	Дәлелді бас тартуды тіркеу				
10				Дәлелді бас тартуды мемлекеттік қызметті алушыға (оның сенімхаты бар өкілі) қолына немесе почта байланысы арқылы жіберу	

«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор біліктілігін беру туралы сертификатты беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

Атқарымдық өзара әрекет ету диаграммасы



Қазақстан Республикасы
 Индустрия және жаңа
 технологиялар министрі
 міндетін атқарушының
 2012 жылғы 28 желтоқсандағы
 № 509 бұйрығына 3-қосымша

«Халықаралық, ұлттық стандарттарды және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын есептік тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Халықаралық, ұлттық стандарттарды және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын есептік тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 9-1-бабының 4-

тармағына сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – Комитет) көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны - автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет: «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 24-бабының;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1129 қаулысымен бекітілген «Халықаралық, ұлттық стандарттарды және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын есептік тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт).

5. Халықаралық, ұлттық стандарттардың және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының (олардың ресми аудармаларының) мұқабаларында (титул беттерінде) тіркеу нөмірін көрсете отырып мөр қою не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жазбаша жауап (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде басқа мемлекеттік органдардың қатысуы көзделмеген.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет: Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі 11, «Эталон орталығы» ғимараты, А блогы, 0505 А кабинеті мекенжайы бойынша мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін көрсетіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

8. Құжаттарды қабылдау кезек күту тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат Комитеттің www.memst.kz ресми интернет-ресурсында (Құқықтық база) бөлімінде орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (оның сенімхаты бар өкілі) Мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында белгіленген құжаттардың тізбесін Комитетке ұсынады.

Стандарттың 16-тармағында көзделген негіз бойынша Мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Құжаттарды қабылдау Комитетте осы регламенттің 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша кеңсе арқылы № 33 каб. жүргізіледі, байланыс тел. 8 (7172) 79-33-48.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) қабылданған құжаттарды Комитет кеңсесінің қызметкерімен тіркеуден өткізіледі және бұрыштама қол қою үшін Комитет төрағасына жіберіледі;

2) Комитет төрағасының бұрыштамасы бар құжаттар Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесіне жіберіледі;

3) Жауапты құрылымдық бөлімшенің басқарма бастығы (бұдан әрі – басқарма бастығы) қабылданған құжаттарды қарастыру үшін жауапты орындаушыны анықтайды, бұрыштама қояды;

4) жауапты орындаушы: ұсынылған құжаттардың жинақтығын қарастырады; халықаралық, ұлттық стандарттарды және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын есептік тіркеу туралы шешім немесе дәлелді бас тарту туралы шешім (бұдан әрі есептік тіркеу туралы шешім) шығарады;

5) есептік тіркеу туралы шешімге немесе дәлелді бас тартуға басқарма бастығы қол қояды;

6) есептік тіркеу туралы шешімге немесе дәлелді бас тартуға Комитет төрағасы қол қояды;

7) жауапты орындаушы: халықаралық стандарттардың және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының сыртына (титул беттерінде) тіркеу нөмірін көрсетіп мөртабан қояды;

мемлекеттік қызмет алушыға (сенімхат бойынша өкіл арқылы) халықаралық стандарттардың және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын мөртабанмен тіркеу нөмірін көрсетіп мына мекенжай бойынша беріледі: Астана қаласы, Сол жағалау, «Эталон орталығы» ғимараты, Орынбор көшесі, 11 үй, 22 кабинет, не почта байланысы арқылы жіберіледі;

8) Комитет кеңсесінің қызметкері дәлелді бас тартуды тіркейді және қолма-қол немесе пошта байланысымен мемлекеттік қызмет алушыға (сенімхат бойынша өкіл арқылы) жібереді.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) іске қосылған:

1) Комитет төрағасы;

- 2) басқарма бастығы;
 3) жауапты орындаушы;
 4) Комитет кеңесі қызметкері.

16. ҚФБ-нің әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) бірізділігі мен өзара іс-әрекетінің мәтіндік сипаттамасы осы регламенттың 1-қосымшасында әкімшілік іс-қимылдың (рәсімдердің) орындалу мерзімі көрсетіле отырып келтірілген.

17. Функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Халықаралық, ұлттық стандарттарды және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын тіркеу» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

Әкімшілік іс-қимылдардың (процедуралардың) жүйелігі мен өзара әрекетін сипаттау

1-кесте. Құрылымдық–функционалдық бірліктер іс-қимылын сипаттау (бұдан әрі – ҚФБ)

Іс-қимыл (жұмыс ағыны барысы) №	1	2	3	4	5	6	7
ҚФБ атауы	Комитет кеңесінің қызметкері	Комитет төрағасы	Басқарма бастығы	Жауапты маман	Басқарма бастығы	Комитет төрағасы	Жауап
Іс-қимыл (процесс, процедура, операция) атауы және олардың сипаты	Құжаттар қабылдайды, өтінімді тіркейді, Стандарттың 14-тармағына сәйкес қолхат береді, құжаттарға бұрыштама қою үшін Комитет төрағасына жібереді	Жауапты құрылымдық бөлімшені анықтайды, бұрыштама қояды	Жауапты орындаушыны анықтайды, бұрыштама қояды	берілген құжаттарды тексереді: толықтығы; есептік тіркеу туралы шешім жобасын не дәлелді бас тартуды ресімдейді	есептік тіркеу туралы шешім жобасын не дәлелді бас тартуға қол қояды	есептік тіркеу туралы шешімге не дәлелді бас тартуға қол қояды	халықаралық мемлекеттік стандарт, нормалар, сыртқы тіркеу мерзімі мемлекеттік алу бойынша халықаралық мемлекеттік стандарт, нормалар

							көрс байл жібеі
Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешім)	Тіркелген өтінім , құжатты қабылдау туралы қолхат	бұрыштама	бұрыштама	Есептік тіркеу туралы шешім жобасы немесе дәлелді бас тарту	Қ о л қойылған есептік тіркеу туралы шешім жобасы немесе дәлелді бас тарту	Қ о л қойылған есептік тіркеу туралы шешім жобасы немесе дәлелді бас тарту	халі станд мем. стан норм сырт тірке мөрт
Орындалу мерзімі	20 минут	Бір жұмыс күні ішінде	Бір жұмыс күні ішінде	6 жұмыс күнінен кешіктірмей	Бір жұмыс күні ішінде	Бір жұмыс күні ішінде	15 м
Келесі іс-қимыл №	2	3	4	5	6	7	8

2-кесте. Пайдалану нұсқасы.

Негізгі процесс – мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді бекіткен жағдайда

ҚФБ атауы әрекет №	Комитет кеңсесінің қызметкері	Комитет төрағасы	Басқарма бастығы	Жауапты орындаушы
1	Құжаттар қабылдау, өтінімді тіркеу, құжатты қабылдау туралы қолхат беру			
2		Бұрыштама соғу		
3			Жауапты орындаушыны анықтау, бұрыштама қою	
4				Ұсынылған құжаттарды толықтыққа қарастыру; есептік тіркеу туралы шешім жобасын ресімдеу
5			Есептік тіркеу туралы шешім жобасына виза қою	
6		Есептік тіркеу туралы шешімге қол қою		

7				мемлекеттік қызмет алушыға (сенімхат бойынша өкіл арқылы) халықаралық стандарттардың және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын мөртабанмен тіркеу нөмірін көрсетіп қолына не почта байланысы арқылы жібереді
---	--	--	--	--


3-кесте. Пайдалану нұсқалары.

Негізгі процесс – берілген құжатты қайтарған жағдайда

ҚФБ атауы әрекет №	Комитет кеңсесінің қызметкері	Комитет төрағасы	Басқарма бастығы	Жауапты орындаушы
1	Құжаттар қабылдау, өтінімді тіркеу, құжатты қабылдау туралы қолхат беру			
2		Бұрыштама соғу		
3			Жауапты орындаушыны анықтау, бұрыштама қою	
4				Ұсынылған құжаттарды толықтыққа қарастыру дәлелді бас тарту жобасы рәсімдеу
5			Дәлелді бас тарту жобасына виза қою	
6		Дәлелді бас тартуға қол қою		
7	Жазбаша түрде дәлелді бас тартуды тіркеу және мемлекеттік қызметті алушыға қолымен немесе пошта байланысымен беру (жіберу)			

«Халықаралық, ұлттық стандарттарды және шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын есептік тіркеу» мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Атқарымдық өзара әрекет ету диаграммасы



Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е ж а ң а
т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р і
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 509 бұйрығына 4-қосымша

«Өлшеу құралдарының типін бекіту сертификатын беру» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Өлшеу құралдарының типін бекіту сертификатын беру» мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа

технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – Комитет) көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны - автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет:

«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 17-бабы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1129 қаулысымен бекітілген «Өлшеу құралдарының типін бекіту сертификатын беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі қағаз жеткізгіштегі өлшеу құралдарының типін бекіту сертификатын (бұдан әрі - сертификат) беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге жазбаша түрде дәлелді бас тарту (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) болып табылады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде басқа мемлекеттік органдардың қатысуы көзделмеген.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет: Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі 11, «Эталон орталығы» ғимараты мекенжайы бойынша мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін көрсетіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

8. Құжаттарды қабылдау кезек күту тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат Комитеттің www.memst.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (оның сенімхаты бар өкілі) Мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында белгіленген құжаттардың тізбесін Комитетке ұсынады.

Стандарттың 16-тармағында көзделген негіз бойынша Мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Құжаттарды қабылдау Комитетте осы регламенттің 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша кеңсе арқылы № 33 каб. жүргізіледі, байланыс

14. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

- 1) Комитет кеңсесінің қызметкері қабылданған құжаттарды тіркеуден өткізіп, бұрыштама қол қою үшін Комитет төрағасына жібереді;
- 2) Комитет төрағасының бұрыштамасы бар құжаттар Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесіне жіберіледі;
- 3) жауапты құрылымдық бөлімшесінің басқарма бастығы (бұдан әрі – басқарма бастығы) қабылданған құжаттарды қарастыру үшін жауапты орындаушыны анықтап, қарар шығарады;
- 4) жауапты орындаушы :
ұсынылған құжаттардың жинақтығын қарастырады;
өлшеу құралдарының типін бекіту немесе дәлелді бас тарту туралы бұйрық жобаларын, сертификатты ресімдейді;
- 5) өлшеу құралдарының типін бекіту туралы бұйрық, немесе дәлелді бас тарту жобаларына басқарма бастығы бұрыштама қол қояды;
- 6) сертификат, өлшеу құралдарының типін бекіту туралы бұйрық, немесе дәлелді бас тартуға Комитет төрағасы қол қояды;
- 7) Комитет кеңсесі қызметкері өлшеу құралдарының типін бекіту туралы бұйрықты немесе дәлелді бас тартуды тіркейді;
- 8) жауапты орындаушы сертификатты немесе дәлелді бас тартуды мемлекеттік қызметті алушыға (оның сенімхаты бар өкілі) қолына немесе почта байланысы арқылы жібереді.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) іске қосылған:

- 1) Комитет төрағасы ;
- 2) басқарма бастығы ;
- 3) жауапты орындаушы ;
- 4) Комитет кеңсесі қызметкері .

16. ҚФБ-нің әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) бірізділігі мен өзара іс-әрекетінің мәтіндік сипаттамасы осы регламенттың 1-қосымшасында әкімшілік іс-қимылдың (рәсімдердің) орындалу мерзімі көрсетіле отырып келтірілген .

17. Функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Өлшеу құралдарының типін бекіту сертификатын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

ҚФБ кезектілігінің сипаттамасы және әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) өзара әрекеттесуі

1-кесте. ҚФБ іс-қимылының сипаттамасы

